



БҰЙРЫҚ

№ 21.09.2020

Нұр-Сұлтан қаласы

ПРИКАЗ

№ 237-Ө

город Нур-Султан

**Мүлікті және істерді
басқарудан шеттету туралы**

Нұр-Сұлтан қаласының Мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының шешімімен «Компания "Еуразия 2007» ЖШС банкрот болып танылды.

Нұр-Сұлтан қаласы бойынша Мемлекеттік кірістер департаментінің (бұдан әрі - Департамент) 2017 жылғы 18 тамыздағы №415-П бұйрығымен «Компания "Еуразия 2007» ЖШС банкроттық басқарушысы болып Абильдинов Абай Аббасұлы тағайындалған.

Кредиторлар жиналысының 2020 жылғы 02 қыркүйектегі хаттамасының негізінде **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Компания "Еуразия 2007» ЖШС мүлкі мен істерін басқарудан банкроттық басқарушы Абильдинов Абай Аббасұлы шеттетілсін.

2. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы «Компания "Еуразия 2007» ЖШС-ң борышкердің құжаттарын, сонымен қоса мүлкіне қатысты құрылтай, қаржылық және заңмен бекітілетін құжаттарын, сонымен қатар борышкердің жаңадан тағайындалған банкроттық басқарушыға үш жұмыс күні ішінде өткізуін қамтамасыз етсін.

3. Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасы Заңға сәйкес іс-шаралар жүргізісін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Департаменттің Берешектермен жұмыс басқармасының басшысы Е.Т. Далбинге жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

Қ. Исақов